



XҒТАР 19.01.11

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-152-3-34-65>

Мақала түрі (ғылыми мақала)

Жастардың қазақ тілін жаңа медиа ортада қолдану перспективаларын болжау

Ұ.М. Есенбекова*¹, А.А. Сыздыкова*², Қ.Ө. Сақ³

^{1,2,3}Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹ultmedia@gmail.com, ²aidaamanqyzy@gmail.com, ³kaisak1964@yandex.kz)

Аңдатпа. Бұл мақалада жаңа медиа ортада қазақ тілін қолдану перспективаларына арналған әлеуметтік зерттеудің нәтижелері ұсынылады. Зерттеу мақсаты – 14–35 жас аралығындағы жастардың қазақ тілін күнделікті және цифрлық кеңістікте қаншалықты белсенді қолданатынын, болашақтағы тілдік басымдықтарын және ана тіліне деген азаматтық көзқарасын анықтау. Жұмыс аясында 1000 респондентке сауалнама жүргізілді. Зерттеуде сауалнамалау, сандық-статистикалық талдау әдістері қолданылды. Нәтижелер жастардың басым бөлігі қазақ тілінің сақталуын және дамуын маңызды санайтынын көрсетті. Дегенмен, цифрлық ортада қазақ тілін тұтыну мен пайдалану кейбір жағдайларда шет тілдермен бәсекеге түсе алмай отырғанын байқауға болады. Зерттеу жаңа медиадағы тілдік таңдау, тілдік ұрпақтар сабақтастығы, мәдени сәйкестік және цифрлық сауаттылық арасындағы өзара байланысты ашып көрсетті. Алынған нәтижелер қазақ тілін дамыту бойынша жастардың ішкі мотивациясы бар екенін, алайда ол қолдаушы инфрақұрылыммен және контенттік ұсыныспен ұштасқанда ғана нәтижелі болатынын дәлелдейді. Жұмыс тіл саясаты, білім беру және медиа салаларында нақты ұсыныстар жасауға негіз болады.

Түйін сөздер: жастар, қазақ тілі, жаңа медиа, цифрлық коммуникация, тілдік таңдау, тіл саясаты, тілдік сәйкестік.

Кіріспе

XXI ғасырда жаңа медиа мен цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы тілдік практика мен коммуникацияның дәстүрлі формаларына елеулі өзгерістер енгізуде. Бұл үдеріс әсіресе жастардың тілдік таңдауы мен ақпарат тұтынуында айқын байқалады.

Түсті: 24.05.2025; мақұлданды: 12.07.2025; онлайн қолжетімді: 30.09.2025

¹* корреспондент-автор

²* корреспондент-автор

Қазақ тілі – мемлекеттік мәртебесі бар, тарихи-мәдени негізге ие тіл болғанымен, жаңа медиадағы орнын нығайту жолында көптеген сын-қатерлерге тап болуда. Осыған байланысты жастардың қазақ тілін жаңа медиа ортада қолдану деңгейін, оған деген көзқарасын, болашақтағы тілдік басымдықтарын зерттеу қажеттілігі туындап отыр.

Қазіргі таңда медиа зерттеулер мен тілдік саясат салаларында қазақ тіліне қатысты бірқатар еңбектер жазылғанымен, олардың көпшілігі дәстүрлі ақпарат құралдарындағы тілдік қолданысқа бағытталған. Ал TikTok, YouTube, Instagram, Telegram сынды платформалардағы қазақ тілінің қазіргі жағдайы, жастар арасындағы қолданыс тәжірибесі мен болашағы туралы кешенді зерттеулер аз. Бұл зерттеу сол олқылықты толтыруға бағытталған.

Зерттеу объектісі – қазақ жастарының тілдік тәжірибесі. Зерттеу пәні – жастардың жаңа медиа ортада қазақ тілін қолдану ерекшеліктері. Зерттеудің мақсаты – жастардың қазақ тілін жаңа медиа кеңістігінде қолдану перспективаларын болжау. Зерттеу міндеттеріне сауалнама жүргізу арқылы тілдік бейімділікті анықтау, қазақ тілін қолдануға әсер ететін факторларды саралау, сандық және сапалық деректерді өңдеп, медиа ортадағы тілдік үрдістерді сипаттау жатады.

Зерттеу барысында анкеталық сауалнама, сандық-статистикалық талдау әдістері қолданылды. Бұл тәсілдер жастардың медиакеңістіктегі тілдік белсенділігі мен мотивациясын жүйелі түрде түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу гипотезасы бойынша жастардың қазақ тіліне деген қатынасы позитивті сипатта болғанымен, оны қолдану көбіне сыртқы инфрақұрылымдық және контенттік факторларға тәуелді.

Жұмыстың теориялық маңыздылығы – тіл мен медианың өзара ықпалын түсіндіру, ал практикалық құндылығы – тіл саясатын жетілдіруге, білім беру мен контент өндірісін қазақтандыруға бағытталған нақты ұсыныстар беруде.

Әдебиетке шолу

Жаңа ақпараттық технологиялар мен медиа құралдарының дамуы қазіргі қоғамда жастардың тілдік таңдауларына, ана тіліне деген көзқарасына және шет тілдерін тұтыну дағдыларына айтарлықтай ықпал етуде. Бұл үдеріс әсіресе интернет, әлеуметтік желілер, мобильді құрылғылар және ғаламдық контентті тұтыну арқылы кең өріс алып отыр. Цифрлық технологиялар күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналған сайын, жастардың ана тіліне деген қарым-қатынасы да күрделі өзгерістерге ұшырауда. Әлемдік ғылыми зерттеулер көрсеткендей, жастар шет тіліндегі, әсіресе ағылшын тіліндегі контентті жиі тұтынады [1, 2]. YouTube, TikTok, Instagram, Netflix секілді платформаларда ағылшын тілді бейнебаяндар мен фильмдерді көру олардың шет тілі дағдыларын, атап айтқанда, ауызекі сөйлеу мен сөздік қорын дамытса да, ана тілінде сауатты жазу мен сөйлеуге деген қажеттілікті азайтуы мүмкін [3]. Оған қоса бұл жағдай көптеген елдерде ана тілінің қолданыс аясын тарылтып, жаңа тілдік құбылыстарды – тілдік гибридизацияны, код-ауысым, жаргондық құрылымдарды туындатуда [4].

Көптілді қоғамдарда жастардың тілдік тәжірибесі үнемі өзгеріп отырады. Катлер және Ройнланд [5] еңбегінде жастардың цифрлық коммуникацияда тілдерді еркін

араластыра отырып қолдануы, яғни транслингвистикалық практикалары кең таралғаны атап өтіледі. Олар бұл құбылысты тілдік ресурстарды стратегиялық түрде қолдану ретінде сипаттайды, әсіресе әлеуметтік желілерде, чаттарда, видеоблогтарда. Бұл жағдай жастардың ана тіліне деген қатынасын қайта анықтайтын факторлардың біріне айналууда.

Мәселен, Венгрияда жүргізілген зерттеуде 11-15 жас аралығындағы оқушылардың көпшілігі бос уақыттарында ағылшын тіліндегі контентті тұтынатынын және бұл олардың ағылшын тілін меңгеруге оң әсер еткенін мойындаған. Дегенмен олар мектептегі шет тілін оқыту әдістерін бос уақыттағы тілдік тәжірибемен байланыстыра алмайтынын білдірген. Оқушылардың көпшілігі білім беру жүйесінде қолданылатын технологиялардың заманауи талаптарға сай келмейтінін, яғни көбінесе CD немесе mp3 құрылғыларымен шектелетінін атап өткен. Бұл контексте жастар жаңа технологияларды ана тілін немесе шет тілдерін үйренуге қолдануға қызығушылық танытқанымен, білім беру жүйесінде бұл әлеует толық пайдаланылмай отыр [1].

Сонымен қатар, интернет тілі деп аталатын ерекше дискурс пайда болды. Бұл тілдік формада орфографиялық нормалардың сақталмауы, қысқартылған сөздер, эмодзилар мен сленгтердің белсенді қолданылуы байқалады. Осындай сөйлеу мәнері жастардың жазбаша және ауызша мәдениетіне елеулі әсер етеді. Қазақстандық және халықаралық зерттеулер көрсеткендей, бұл құбылыс жастар арасында нормадан тыс, бейформалды сөйлеудің белең алуына ықпал етіп, формалды тілдік дағдылардың әлсіреуіне алып келуі мүмкін. Интернетте жиі қолданылатын сөздер мен сөйлем құрылымдары ауызекі тілге де енеді, бұл жастардың сөйлеу мәдениетінің жалпы сапасына әсер етеді [3].

Кейбір зерттеулер ана тілінің когнитивтік және академиялық даму үшін маңыздылығын ерекше атап өтеді. Испанияда жүргізілген бір зерттеуде, ана тілінде сөйлейтін мигрант оқушылардың жалпы академиялық үлгерімі ана тілінде сөйлемейтіндерге қарағанда жоғары болғаны анықталған. Сонымен қатар, үйде АКТ қолдану үлгерімнің барлық салаларына оң әсер ететіні дәлелденген. Бұл нәтижелер білім беру жүйесінде ана тілінің сақталуына қолдау көрсету қажеттілігін, сондай-ақ цифрлық технологияларды тиімді пайдалану арқылы оқушылардың жетістігін арттыру жолдарын ұсынады [6].

Қазақстанда да осыған ұқсас үрдістер байқалады. Жарқынбекова және әріптестері Қазақстан жастарының цифрлық коммуникациядағы сөйлеу стилін зерттей отырып, TikTok және YouTube сияқты платформаларда ағылшын және орыс тілдерінен енген сөздер мен сөйлем құрылымдарының жиі қолданылатынын анықтаған. Бұл феномен «Kazakhlish» деп аталып, қазақ тіліндегі сөйлеу мен жазу мәдениетінің жаңа формасын сипаттайды [7]. Бұған қоса, Әлкебаева мен Сәткенова зерттеуі әлеуметтік желілердегі қазақ тілінің жазбаша формасына тән өзгерістерді сипаттайды. Жастар сөздерді ағылшын немесе орыс тілінің орфографиясымен бейімдеп жазып, тіпті синтаксистік құрылымдарды да жиі араластырып қолданады [8].

Қазақстандағы екітілділік және балалық шақтағы тілді дамыту мәселесін зерттеген Рахимова, Дүйсенбекқызы әлеуметтік желілер мен цифрлық платформаларға күніне 5-6 сағат арнайтын балалардың ағылшын тілінде ойлауға бейім болатынын байқаған [9]. YouTube, TikTok, Instagram секілді платформалар шет тіліндегі контентті басым

ұсынғандықтан, балалар мен жасөспірімдер өздерінің тілдік дағдыларын жиі сол бағытта дамытады. Сонымен қатар, Суarez ғылыми жұмысында испан тілді жастардың ағылшын тіліндегі ғылым мен техникалық білімге қол жеткізуі үшін транслингвизм мен код-ауысым тәсілдерін қолданатыны айтылады [10]. Бұл феномен жастардың шет тіліне деген оң көзқарасын арттырып, ана тілін тек тұрмыстық деңгейде шектеуі мүмкін.

Жоғарыда келтірілген мысалдар көрсеткендей, жастардың тілдік таңдауы технологиямен тығыз байланысты. Ана тілінің қоғамдағы орны, мемлекеттік тіл саясаты, білім беру жүйесі және цифрлық контенттің ана тілінде қолжетімді болуы – бұлардың барлығы жастардың тілдік бағдарын қалыптастыратын маңызды факторлар.

Зерттеу әдістемесі

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан жастарының жаңа медиа кеңістігінде қазақ тілін қолдану динамикасын зерттеу және осы үдерістің болашағына қатысты болжамдар жасау. Яғни бұл зерттеу «Жастардың қазақ тілін жаңа медиа ортада қолдану перспективаларын болжау» тақырыбы аясында жастардың тілдік мінез-құлқы мен медиа тұтыну әдеттерін жан-жақты талдауға бағытталды. Зерттеу әдістемесі аралас үлгіде құрастырылды және сандық деректерді жинау мен сапалық мазмұнды сараптауға бағытталды. Зерттеу әдістері ретінде анкеталық сауалнама, сандық талдау және контент-талдау таңдалды. Мұндай аралас тәсіл қазіргі медиалингвистикалық зерттеулерде кеңінен қолданылады, әсіресе көптілділік пен цифрлық коммуникация тақырыптарында қазіргі тілдік социалингвистикалық құбылыстарды кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік береді [11, 12, 13].

Бірінші кезеңде онлайн-сауалнама әдісі қолданылды. Сауалнамаға Қазақстанның әр аймағынан 16 мен 30 жас аралығындағы 1000 респондент қатысты. Анкета Google Forms платформасында екі тілде – қазақ және орыс тілдерінде – ұсынылды, бұл қатысушылардың тілдік ыңғайлылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Респонденттердің жас шамасы, этникалық шығу тегі, тіл меңгеру деңгейі, медиалық платформаға деген артықшылықтары және күнделікті тілдік тәжірибесі ескерілді. Сұрақтар жастардың ана тілі, этникалық тегі, тілдік практикасы, әлеуметтік медиатұтыну әдеттері (TikTok, Instagram, YouTube), қазақ тіліндегі контентке деген қызығушылығы мен болашаққа болжамдарына бағытталды. Осындай әдіс тілдік мінез-құлықты үлкен көлемдегі респонденттер негізінде зерделеуге мүмкіндік береді және аналогиялық түрде Лепаннен және әріптестерінің цифрлық дискурстарды зерттеуіндегі әдіснамасына ұқсас келеді [14].

Сауалнама Google Forms платформасы арқылы онлайн түрде таратылып, деректер 2025 жылдың қаңтар-ақпан айларында жиналды. Сұрақтар құрылымы жабық және ашық түрдегі жауаптарды қамтыды, бұл респонденттердің сандық та, сапалық та пікірлерін ескеруге мүмкіндік берді. Жиналған жауаптар сандық түрде талданып, келесі айнымалылар бойынша жіктелді: жасы, тұратын аймағы, қазақ тілін меңгеру деңгейі, қазақ тілінде сөйлесу жиілігі, медиа тұтыну тілі, қолданатын платформалар (TikTok, YouTube, Instagram) және болашақ тілдік бағыттар жөніндегі пікірлер. Талдау


үшін Excel және Python негізіндегі Pandas кітапханасы пайдаланылды. Бұл талдау барысында қатысушылардың жасы, орналасқан аймағы, платформа таңдауы мен контент тілі арасындағы өзара байланыстар анықталды. Дескриптивті статистика және корреляциялық сараптама әдістері қолданылды. Бұл тәсіл Жу, Фен, Чен зерттеуіндегі тілдік бейімділік пен мәдени сәйкестік арасындағы байланысты зерттеу үлгісіне сәйкес келеді [15].

Зерттеу әдіснамасының артықшылықтары – үлкен көлемдегі деректердің болуы және цифрлық медиа мен әлеуметтік желілердегі қазақ тілінің қолданылуына тікелей бақылау жасау мүмкіндігі. Алайда, әдістің шектеулі тұстары да бар. Біріншіден, сауалнамаға қатысушылардың жауабы өз-өзін бағалау сипатына ие болғандықтан, объективтілікке толық кепілдік берілмейді. Екіншіден, контент-талдау барысында парақшаларды таңдау кездейсоқ сипатта болғандықтан, кейбір медиа сегменттер қамтылмауы мүмкін.

Осы әдіснамалық негіз зерттеудің тілдік болжау мақсаттарына сәйкес құрылып, қазақ тілінің жаңа медиадағы трансформациясын сапалы әрі сандық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен талқылау

Сауалнамаға қатысқан 1000 жастың 72,2 %-ы қазақша жауап берсе, 27,8 %-ы сұрақтарға орыс тілінде жауап берді. Қазақша жауап берген жастардың басым бөлігі 14-18 жас аралығындағы жасөспірімдер мен 19-24 жас аралығындағы азаматтар болса, орыстілді респонденттердің көбісі 25-30, 31-35 жастағы азаматтар болды. Ал жалпы алғанда респонденттердің басым көпшілігі 14-18 жас аралығындағы жастар (354 адам). Бұл топ барлық қатысушылардың шамамен 35,4%-ын құрайды және қазақ тілінің болашағы туралы ең белсенді пікір білдірушілер ретінде ерекшеленеді.




1-сурет. Жалпы респонденттердің жастары бойынша бөлінуі

Сауалнама нәтижелері респонденттердің ана тілі бойынша келесідей әлеуметтік-тілдік бейнені көрсетеді. Жалпы 1000 қатысушының 955-і (яғни 95,5%) қазақ тілін өздерінің ана тілі ретінде көрсетті. Бұл көрсеткіш зерттеудің мақсатты аудиториясының басым бөлігі қазақтілді жастар екенін дәлелдейді және алынған нәтижелердің қазақ тілінің жаңа медиа ортадағы болашағын болжау мақсатымен толық сәйкесетінін көрсетеді.


Орыс тілін ана тілі ретінде көрсеткен респонденттердің саны 35 адамды (3,5%) құрайды. Олардың кейбірі бұл сұраққа еркін формада жауап беріп, қазақ тілін формалды түрде ана тілім деп есептесе де, іс жүзінде орыс тілінде сөйлейтінін атап өткен. Бұл тілдік сәйкестік пен практикалық қолдану арасындағы алшақтықты байқатады.

Өзге тілдерді ана тілі ретінде көрсеткен респонденттер саны өте аз: өзбек тілін – 6 адам, қырғыз, ұйғыр және башқұрт тілдерін – әрқайсысын 1 адамнан көрсеткен. 2 адам бұл сұраққа жауап беруден бас тартқан.




2-сурет. Респонденттердің ана тілдері туралы ақпарат

Респонденттердің этникалық құрамының басым бөлігін қазақ ұлты өкілдері құрады. Жалпы қатысушылардың 969-ы (яғни 96,9%) өздерін этникалық қазақ деп атаған. Өзбек ұлтының өкілдері 9 адамды немесе жалпы үлестің шамамен 0,9%-ын құрады. Орыс ұлтына жататын респонденттер саны 6 адам болды (0,6%). Сонымен қатар, сауалнамаға ұйғыр, украин, татар, дүнген, армян, башқұрт, қырғыз және неміс ұлттарының өкілдері де қатысқан. Олар әрқайсысы 1 адамнан және кейбірі аралас этностық сәйкестікті білдіретін жауаптар көрсеткен. Этникалық құрамның мұндай ерекшеліктері зерттеудің басты аудиториясы – қазақ жастары екенін анық дәлелдейді. Сонымен қатар, өзге этностардың қатысуы зерттеу нәтижелерін кеңірек әлеуметтік-көпмәдениетті контексте түсіндіруге мүмкіндік береді.



3-сурет. Респонденттердің этностық үлесі

Респонденттердің басым бөлігі қалалық жерлерде тұратынын көрсетті. Жалпы 774 адам, яғни қатысушылардың шамамен 77,4% өздерінің тұрғылықты жері ретінде қаланы көрсеткен. Бұл қалалық жастардың зерттеуге белсенді қатысқанын және олардың жаңа медиа ортасымен тығыз байланысты екенін білдіреді. Ауылдық жерлерден қатысқан респонденттер саны – 180 адам. Сонымен қатар сауалнамада кенттік, яғни жартылай қалалық немесе жартылай ауылдық жерде тұратын респонденттер де қамтылған. Жалпы саны 46 адамды құрайтын бұл топ әлеуметтік жағынан өтпелі кеңістікті білдіреді.



4-сурет. Сауалнама қатысушыларының тұрғылықты елді мекен түрі бойынша бөлінуі


Сауалнама нәтижелерін талдау жастардың тұратын елді мекеніне байланысты қазақ тілін қолдану жиілігінде айтарлықтай айырмашылық бар екенін көрсетті. Ауылда тұратын респонденттердің басым көпшілігі – 151 адам – күнделікті өмірде қазақ тілінде «ылғи» сөйлейтінін көрсеткен. Бұл ауылдық ортада қазақ тілінің күнделікті қатынас құралы ретінде белсенді қолданылатынын дәлелдейді. Сонымен қатар, ауыл жастары арасында «жиі» немесе «кейде» сөйлейді дегендер саны өте аз. Кенттерде де ұқсас үрдіс байқалады: 30 адам «ылғи» қазақ тілінде сөйлейтінін көрсеткен, аз бөлігі ғана «жиі» немесе «редко» деп жауап берген. Бұл да жартылай ауылдық ортада қазақ тілі кеңінен қолданылатынын меңзейді.

Ал қала жастары арасында тілдік әртүрлілік жоғары. «Қала» деп жауап берген 439 адамның қазақ тілін күнделікті қолдануы өте жоғары – олар «ылғи» сөйлейтінін көрсеткен. Алайда орысша жауап берген респонденттердің ішінде қазақ тілін «сирек», «кейде», «жиі» қолданатындар саны едәуір көп. Мысалы, бұл топта «сирек» дейтіндер – 37, «кейде» – 67, «жиі» – 79 адам болған. Бұл қала жастары арасында қазақ тілімен қатар орыс тілі немесе басқа тілдер де белсенді қолданылатынын білдіреді.

Жалпы, талдау көрсеткендей, ауылдық және жартылай ауылдық елді мекендерде қазақ тіліне деген бейімділік және күнделікті қолдану деңгейі жоғары. Қалалық ортада болса, тілдік таңдау көбіне көптілділік жағдайымен және әлеуметтік ортаға байланысты әртүрлі деңгейде қалыптасқан. Бұл деректер тілдік саясат пен қазақ тілін ілгерілету бағдарламаларына аумақтық ерекшеліктерді ескере отырып қарауды қажет ететінін көрсетеді.

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің тұрып жатқан аймақтары бойынша мәліметтер әр түрлі географиялық аймақтардан жиналғанын көрсетеді. Ең көп респонденттер Алматы (392) және Астана (347) қалаларынан тіркелген. Үшінші орында Алматы облысы, онда тұратын респонденттер саны қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаларды қосқанда 46 адам болды. Одан кейін Қызылорда облысы (22), Шымкент қаласы (21), Батыс Қазақстан облысы (22), Жамбыл облысы (22), Ақтөбе облысы (17) және Түркістан облысы (18) тәрізді аймақтардан да респонденттер белсенді қатысқан.

Сонымен қатар, Абай, Ұлытау, Жетісу, Маңғыстау, Қарағанды, Атырау, Қостанай, Павлодар, Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстары да қамтылған. Бұл мәліметтер зерттеуге Қазақстанның барлық өңірлерінен жастар қатысқанын көрсетеді. Ең белсенді аймақтар – Алматы мен Астана қалалары, бұл жаңа медианың ең белсенді тұтынушыларының ірі қалаларда шоғырланғанын дәлелдейді. Сонымен бірге облыстық және ауылдық өңірлердің де қатысуы қазақ тілінің географиялық қолданыс аясын кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді.



5-сурет. Облыстар бойынша респонденттер саны

Зерттеу барысында респонденттердің тұратын аймағы мен қазақ тілін күнделікті өмірде қолдану жиілігі арасындағы байланысты анықтау үшін хи-квадрат (χ^2) статистикалық тесті қолданылды. Бұл әдіс дербес айнымалылар арасындағы тәуелділікті бағалауға мүмкіндік береді және оның қолданылуы үшін деректердің параметрлік үлестірілуі міндетті шарт емес, тек жиіліктік сипатта болуы жеткілікті. Біздің зерттеуімізде барлық облыстар қамтылғанымен, олардың үлесі тең емес, яғни іріктеме республика бойынша репрезентативті болмауы мүмкін. Соған қарамастан, хи-квадрат әдісін қолдану орынды, себебі біз жалпы қазақстандық деңгейдегі заңдылықтарды емес, нақты осы зерттеуге қатысқан респонденттердің ішінде байқалатын байланысты анықтауды көздеп отырмыз.

Талдау нәтижесінде хи-квадрат тестінің р-мәні 0.0000000000445 болды. Бұл көрсеткіш 0.05-тен әлдеқайда төмен және аймақ пен тілдік қолдану жиілігі арасында статистикалық тұрғыдан маңызды байланыс бар екенін айғақтайды. Яғни, адамның қай облыста тұратыны оның қазақ тілінде қаншалықты жиі сөйлейтініне тікелей әсер етеді. Нақтырақ айтқанда, Алматы қаласы мен Астана қаласында тұратын респонденттердің арасында қазақ тілінде «ылғи» немесе «жиі» сөйлейтіндер көп болғанымен, бұл қалаларда басқа тілдік тәжірибе де жиі кездеседі. Мысалы, Астана қаласында «кейде», «жиі» немесе «сирек» жауаптары да жиі тіркелген, бұл елордада көптілділік пен әртүрлі тілдік ортаның қатар өмір сүретінін білдіреді. Алматы қаласында да тілдік әртүрлілік бар, бірақ «ылғи» қазақша сөйлейтіндердің саны едәуір көп (281 адам). Бұл қаланың мәдени орталық ретіндегі рөлі мен қазақтілді контент өндірушілердің белсенділігімен байланысты болуы мүмкін.


Ауылдық сипаттағы өңірлерде, әсіресе Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Атырау, Шымкент қаласы және Алматы облысында қазақ тілінде «ылғи» сөйлейтіндер басым. Бұл аймақтарда қазақ тілінің қатынас тілі ретіндегі рөлі ерекше және оның күнделікті өмірде орныққанын көрсетеді.

Керісінше, Павлодар, Қостанай, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында қазақша сөйлеу жиілігі салыстырмалы түрде төмен. Бұл өңірлерде респонденттер арасында «сирек», «кейде», «жиі» деген жауаптар жиі кездескен. Яғни, бұл аймақтарда қазақ тілінің қоғамдық кеңістіктегі үлесі шектеулі болуы мүмкін және көп жағдайда орыс тілінің ықпалы байқалады.

Сауалнамаға жауап берген 1000 респонденттің 470-і бакалавриат бағдарламасында білім алып жатқанын көрсеткен. Бұл барлық қатысушылардың 47%-ын құрайды және зерттеуге белсенді қатысушылардың негізінен жоғары білім алып жатқан жастар екенін білдіреді.

Респонденттердің арасындағы 402 адам қазіргі таңда ешбір оқу орнында білім алып жатқан жоқ. Бұл қатысушылардың 40,2%-ына сәйкес келеді. Магистратурада оқитындар саны – 43 адам, докторантурада – 27. Бұл жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылардың үлесі аз болса да, олар қазақ тілінің болашағына қатысты пікірлерімен маңызды академиялық аудиторияны білдіреді.

Орта білім деңгейінде оқып жатқандар арасында мектеп оқушылары мен колледжде оқып жатқандар тобының әрқайсысында 29 адам. Бұл орта білім деңгейіндегі жастардың да зерттеуге қатысқанын және олардың тілдік тәжірибесінің жоғары оқу орнындағы жастармен салыстырғанда өзіндік ерекшелігі болуы мүмкін екенін көрсетеді. Деректер көрсетіп отырғандай, сауалнамаға қатысушылардың едәуір бөлігі білім алып жатқан жастар, соның ішінде бакалавриат бағдарламасының студенттері басым. Бұл қазақ тілінің қолданылуын бағалаудағы білім деңгейінің де маңызды фактор екенін көрсетеді.



6-сурет. Қатысушылардың оқу статусы бойынша үлесі


Респонденттердің оқу деңгейі мен олардың күнделікті өмірде қазақ тілін қолдану жиілігі арасында да статистикалық тұрғыдан маңызды байланыс бар. Бұл қорытындыны хи-квадрат (χ^2) тестінің нәтижесі растайды: р-мәні 0.0000000000000270 (яғни 2.7×10^{-14}), бұл 0.05 деңгейінен әлдеқайда төмен. Демек, оқу деңгейі мен қазақ тілін қолдану жиілігі арасында кездейсоқтықтан тыс, шынайы байланыс бар. Яғни мектеп пен колледжде оқитын жастардың көпшілігі қазақ тілінде «ылғи» немесе «жиі» сөйлейтіндерін көрсеткен. Бұл орта білім деңгейінде қазақ тілінің қатынас тілі ретіндегі орнының айқын екенін білдіреді. Сонымен қатар, бұл топтағы жастар отбасылық және жергілікті ортада қазақтілді ортада өсіп, ана тілінде қарым-қатынас жасауға бейім екенін көрсетеді.

Ал бакалавриат деңгейінде оқитын жастар арасында қазақ тілін қолдану жиілігі біршама әртүрлі. Бұл санатта «жиі», «кейде» және «қажет кезде» секілді жауаптар қатар кездеседі. Бұл университеттік ортадағы көптілділіктің, академиялық ортадағы орыс және ағылшын тілдерінің ықпалының әсерін көрсетуі мүмкін. Магистратура мен докторантурада оқитын респонденттер арасында да қазақ тілін жиі қолданатындар көп болғанымен, бұл топта «кейде» немесе «қажет кезде» сөйлейтіндер де тіркелген. Бұл жоғары оқу сатысында ғылыми контексте басқа тілдердің, әсіресе ағылшын тілінің, рөлі күшейетінімен байланысты болуы ықтимал.

«Өзіңіздің қазақ тілін меңгеру деңгейін қалай бағалайсыз?» сұрағына 871 респондент (707 қазақ тілінде және 164 орыс тілінде жауап берген) қазақ тілінде еркін сөйлеп, жаза алатындарын көрсеткен. Бұл барлық қатысушылардың 87,1% сәйкес келеді және жастар арасында қазақ тілін жетік меңгергендердің басым екенін дәлелдейді.

Қазақ тілін түсінгенімен, сөйлеуде қиындық көретіндер 77 адам болды. Оның ішінде 68-і орыс тілінде, 9-ы қазақ тілінде жауап берген. Бұл топ шамамен 7,7%-ды құрайды және қазақ тілін пассивті меңгергендерге жатады. Базалық деңгейде ғана меңгергенін көрсеткендер – 41 респондент (39 – орысша, 2 – қазақша). Яғни, шамамен 4,1%. Ал қазақ тілін мүлде меңгермегенін көрсеткендер – 11 адам (7 – орыс тілінде, 4 – қазақ тілінде). Бұл барлық респонденттердің 1,1% құрайды және қазақ тілімен мүлде байланысы жоқ өте аз топ бар екенін білдіреді.

Осылайша, сауалнамаға қатысқан жастардың басым көпшілігі қазақ тілін еркін меңгергенін көре аламыз, бұл қазақ тілінің бүгінгі медиалық және әлеуметтік өмірде белсенді қолданылатынын, сондай-ақ жастардың ана тіліне бейілді екенін көрсетеді. Алайда аз да болса, тілді толық меңгермеген және қиындық көретін топтар бар, сондықтан болашақта бұл топтарға бағытталған тілдік орта құру, интерактивті контент ұсыну, қолданбалы лексиканы үйрету сияқты шаралар қажет.




7-сурет. Қазақ тілін меңгеру деңгейі бойынша қатысушылардың үлесі

Сауалнаманың келесі сұрақтары зерттеудің өзекті бөлігі ретінде жастардың қазақ тілін жаңа медиа ортада қолдануындағы нақты тәжірибесін, тілдік бейімділігін, цифрлық контексте тілді тұтыну ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Бұл сұрақтар респонденттердің медиа платформалармен өзара әрекеттесуінде қай тілді қолданатынын, сондай-ақ олардың контентті қабылдау, іздеу және жасау үрдісінде қазақ тілінің қаншалықты орынды қолданылып жатқанын бағалауға мүмкіндік береді.

«Қазақ тілін көбінесе қай жағдайларда қолданасыз?» сұрағына респонденттер қазақ тілін көбінесе қолданатын жағдайлар келесідей екенін көрсетті: респонденттердің ең көп бөлігі – 625 адам – қазақ тілін үйде, отбасымен бірге болғанда қолданатынын көрсеткен. Бұл қазақ тілінің отбасы ішіндегі негізгі қарым-қатынас құралы екенін және тілдің табиғи ортада қолданылуының маңызын айғақтайды. Екінші орынға достармен араласу кезіндегі тілдік тәжірибе шығады: 551 адам қазақ тілін достарымен бірге жүргенде жиі қолданатынын мәлімдеген. Бұл жастар арасындағы бейресми қатынастарда да қазақ тілінің кең таралғанын көрсетеді. Үшіншісі – қоғамдық орындарда қолдану. 504 респондент қазақ тілін дүкендерде, көліктерде және басқа да қоғамдық жерлерде қолданатынын жазған. Бұл қазақ тілінің қоғамдық кеңістікте де өз орнын таба бастағанын білдіреді.

Оқу процесінде де қазақ тілі белсенді қолданылады: 460 респондент қазақ тілін білім алу барысында қолданатынын көрсеткен. Бұл әсіресе қазақ тілінде оқытатын мектептер мен жоғары оқу орындарындағы тіл саясатының ықпалы болуы мүмкін. Кейбір респонденттер қазақ тілін тек ресми ортада (96 адам), әлеуметтік желілерде (90 адам) немесе тек ата-анасымен сөйлескенде (69 адам) ғана қолданатынын айтқан. Бұл қазақ


тілінің қолдану аясы кей жағдайларда шектеліп қалатынын және ресми не формалды қатынастарда ғана шоғырланғанын көрсетеді. Сонымен қатар, сауалнамада аз пайызды құраса да, кейбір респонденттер қазақ тілін тек қажеттілік болғанда, «сұрағанда», «мүмкіндік болса» немесе «барлық жерде аздап» қолданатынын атап өткен. Бұл жауаптар тілдің күнделікті өмірде толық еңбеген жағдайларын сипаттайды. Аталмыш деректер қазақ тілінің қолданылу жағдайларына қатысты мәліметтер тілдің отбасылық және бейресми қатынастарда кең қолданылатынын, ал қоғамдық және цифрлық кеңістікте қолданылуы артқанымен, кей жағдайда шектеулі болып қалатынын көрсетеді.



8-сурет. Қазақ тілін қолдану жағдайлары

«Әлеуметтік желілердегі парақшаларыңызды көбінесе қай тілде жүргізесіз?» сұрағына 943 адам бірден бірнеше тілдерді атап, жағдайға байланысты ыңғайлы тілді қолданатынын көрсеткен. Бұл мәлімет әлеуметтік желіде жастардың тілдік таңдауы тұрақты емес, контекст пен ортаға бейімделетінін көрсетеді, ал 48 адам әлеуметтік желідегі посттар, сториз және пікірлерді нақты қазақ, орыс, ағылшын және басқа тілдерде қатар жүргізетінін білдірген. Қазақша және орысша қатар қолданушылардың саны небәрі 9 адамды құрайды, яғни бұл адамдар тек екі тілді нақты көрсетіп, жауап берген.


Бұл нәтижелерден байқалатыны – жастардың әлеуметтік желілерде контент жасау мен коммуникацияда бір ғана тілді емес, түрлі тілдерді (қазақша, орысша, ағылшынша) араластыра қолданатыны, тілдік таңдау тұрақты емес және ол контекстке, мақсатты аудиторияға немесе платформа ерекшелігіне байланысты өзгеріп отыратыны. Сонымен қатар, таза қазақ тілінде немесе таза орыс тілінде жүргізетін респонденттер саны өте аз, бұл да көптілділік трендінің басым екенін көрсетеді. Тек қазақша жүргізетін жастар мүлде жоқ екенін де көруге болады.



9-сурет. Әлеуметтік желілердегі паракша тілдері

«Қазақ тілін чат-боттарда, мобильді қосымшаларда, дауыстық көмекшімен сөйлескенде қолданасыз ба?» сұрағына 391 адам жиі қолданатынын белгілеген. Бұл көрсеткіш жастардың бір бөлігінің қазақ тілін тек тұрмыстық емес, технологиялық ортада да белсенді қолдануға ұмтылатынын және қазақ тілінің цифрлық ресурстарда да өз орнын тауып келе жатқанын білдіреді. 347 респондент кейде ғана қолданатынын, яғни жастардың қазақ тілін белгілі бір жағдайларда (қосымшада тіл таңдауы болғанда, қазақша интерфейс ыңғайлы болғанда немесе қазақ тіліндегі сервистер нақты бір функцияны жақсы атқарған жағдайда) қолданатынын білдіреді.


Ал мүлде қолданбайтындар – 262 адам – қазақ тіліндегі технологиялық шешімдердің қолайсыздығын немесе қолжетімді болмауын себеп етіп көрсетуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл топта қазақ тіліндегі дауыстық көмекшілер мен чат-боттардың әлі де болса кең таралмағаны немесе сапасының жеткіліксіздігі байқалады.



10-сурет. Қазақ тілін цифрлық сервистерде қолдану жиілігі

Келесі сұрақтар тобы жастардың мәдени сәйкестіктері мен құндылықтарын анықтауға бағытталған. «Сіздің ойыңызша, қазақ тілін білу мәдени сәйкестікті сақтауда қаншалықты маңызды?» сұрағына респонденттердің басым бөлігі (811) қазақ тілін білу мәдени сәйкестікті сақтау үшін аса маңызды деп санайтынын көрсеткен. Бұл көрсеткіш жастар арасында ана тілі тек коммуникациялық құрал емес, сонымен қатар ұлттық бірегейліктің негізі ретінде қабылданатынын айғақтайды.

Тағы 169 адам қазақ тілінің маңыздылығын жоғары бағалайтынын, бірақ аса маңызды деп есептемейтінін белгілеген, яғни бұл жалпы алғанда тілге деген жағымды қатынастың кең тарағанын көрсетеді. 17 адам бейтарап көзқарас ұстанатынын айтқан, яғни жастардың бір бөлігі тілдің мәдени сәйкестікке әсерін нақты сезінбейді. Бар болғаны 3 адам ғана қазақ тілін білу маңызды емес деген пікірді білдірген. Аталмыш көрсеткіш үлес салмағы аз болғанымен, тілдік саясат тұрғысынан назар аударатын маргиналды көзқарасқа жатады.




11-сурет. Қазақ тілін білудің мәдени сәйкестікті сақтаудағы маңызы

«Сіз қазақ тілі арқылы өз еліңіздің тарихы, дәстүрімен байланысыңызды сезінесіз бе?» сұрағына 845 адам (қазақша 657, орысша 188) қазақ тілі арқылы өз елінің тарихымен және дәстүрімен терең байланыс сезінетінін айтты. Бұл жастар арасында ана тілі тек коммуникациялық құрал ғана емес, сонымен бірге тарихи және мәдени танымның ажырамас бөлігі екенін көрсетеді.

135 респондент (қазақша 61, орысша 74) мұндай байланысты ішінара, яғни кейде ғана сезінетінін мәлімдеген. Яғни жастардың бір бөлігі өздерінің тарихи-мәдени сәйкестігіне деген қатынасы тұрақты емес екенін білдіреді және бұл тілдік ортаға, отбасы құндылықтарына немесе білім беру мазмұнына байланысты болуы мүмкін.

Сауалнамаға қатысқандардың өте аз бөлігі – 20 адам (қазақша 4, орысша 16) – қазақ тілі арқылы тарих пен дәстүрмен байланыс сезінбейтінін көрсеткен. Бұл жастар арасында

тарихи-мәдени сананың әлсіздігі немесе тілмен байланыстың үзілуі байқалуы мүмкін екенін көрсетеді.



12-сурет. Қазақ тілі арқылы тарихи-мәдени байланысты сезіну деңгейі

«Қазақ тілінде сөйлей отыра басқа тілдердің сөздерін араластырып қолдануға қалай қарайсыз?» сұрағына респонденттердің көзқарасы әртүрлі. Ең көп бөлігі (289) мұндай қолданысты қолдайды және оны тілді байытатын жағымды құбылыс деп бағалайды. Бұл пікірді орыс тілінде жауап бергендердің 114-і де қолдап отыр, яғни жалпы саны 403 адам осындай көзқарасты ұстанады.


285 респондент қазақ тілінде баламасы жоқ жағдайда ғана басқа тілден енген сөздерді қолдануға болады деп санайды. Орыс тіліндегі осыған ұқсас жауап нұсқасын таңдағандар саны – 151. Бұл топтағы адамдар жалпы алғанда тілдің тазалығын сақтауға бейім болғанымен, практикалық қажеттілікті де ескереді.

Сонымен қатар, 148 адам қазақ тіліне бөгде сөздерді араластыруды теріс құбылыс деп бағалап, мұны тілімізге төнетін қауіп ретінде көреді. Орыс тілінде де 13 респондент осыған ұқсас пікір білдірген. Бұл топтағы адамдар тілді бөгде ықпалдардан сақтау қажет деп есептейді.




13-сурет. Қазақ тілінде басқа тілдердің сөздерін қолдануға көзқарас

«Қазақ тілін қолдануда қандай қиындықтармен кездесесіз?» сұрағына респонденттер қазақ тілін қолдану барысында әртүрлі қиындықтарға тап болатынын көрсетті. Ең жиі кездесетін мәселе – сөздік қордың жеткіліксіздігі. Бұл мәселені қазақ тілінде жауап берген 254 адам және орыс тілінде жауап берген 185 адам атап өтті. Сонымен қатар, грамматикалық қателер жасау да негізгі қиындық ретінде көрсетілді: 149 респондент қазақ тілінде және 90-ға жуық адам орыс тілінде бұл проблеманы мойындаған. Тілдік сөйлеу тәжірибесінің жеткіліксіздігі де елеулі мәселе ретінде көрініс тапты, бұл жауап 63 қазақтілді және 102 орыстілді респонденттен түсті. Кейбір қатысушылар аударманың болмауын немесе терминдердің жетіспеушілігін, қазақ тілінде сапалы контенттің аздығын, қоршаған ортада тілдің аз қолданылуын да себеп ретінде келтірді. Сонымен қатар, бірқатар респонденттер ешқандай қиындық көрмейтінін, тілді еркін қолданатынын және қолданыста кедергілер жоқ екенін атап өтті. Алайда бұл жауаптар саны аз болды. Жалпы алғанда, сауалнама қазақ тілін қолданудағы қиындықтардың тілдік орта, білім деңгейі және жеке лингвистикалық дайындықпен тығыз байланысты екенін көрсетті.




14-сурет. Қазақ тілін қолдануда кездесетін қиындықтар

Соңғы бөлімнің сұрақтары қазақ тілінің болашағы мен жаһандану әсеріне жастардың көзқарасын зерттеуге арналған. «Қазақ тілінің жастар арасындағы қолданылу деңгейін қалай бағалайсыз?» сұрағына респонденттердің басым көпшілігі қазақ тілінің жастар арасындағы қолданылу деңгейін жоғары деп бағалаған. Атап айтқанда, 513 адам қазақ тілі белсенді түрде қолданылып жатқанын айтқан. Сонымен қатар, 354 респондент қазақ тілін тек кейбір топтарда ғана қолданылады деп бағаласа, жастар арасында қазақ тілі өз позициясын жоғалтып жатыр деген пікірді 133 адам білдірген. Бұл нәтижелер қазақ тілінің жастар арасында қолданылу деңгейі әртүрлі қабылданатынын және тілдік тәжірибе, орта, аймақтық айырмашылықтар сияқты факторларға тәуелді екенін көрсетеді. Дегенмен, белсенді қолданылатыны жөніндегі пікір басым болып отыр.



15-сурет. Жастар арасындағы қазақ тілінің қолданылу деңгейіне баға


«Сіздің ойыңызша, 10 жылдан кейін Қазақстанда қай тіл басым болады?» сұрағына жауап берушілердің басым бөлігі он жылдан кейін Қазақстанда басым тіл ретінде қазақ тілін атаған. Нақтырақ айтқанда, 688 адам қазақ тілінің алдағы онжылдықта жетекші тілге айналатынына сенімді екенін білдірген. Бұл үлес жалпы жауаптардың шамамен 69%-ын құрайды. Сонымен қатар, 200 респондент орыс тілінің басым болатынын болжаған, ал 77 адам ағылшын тілін негізгі тіл ретінде атап өткен. Сирек жауаптар арасында «аралас тілдік орта», «қазақ және орыс», «қазақ және ағылшын», «мультитілділік» сияқты нұсқалар кездесті. Кейбір респонденттер нақты болжам жасаудан бас тартып, «білмеймін», «белгісіз», «көрерміз» деген сияқты жауаптар берген. Мұндай жауаптар болашаққа қатысты анық сенімділіктің әлі де толық қалыптаспағанын көрсетеді.



16-сурет. 10 жылдан кейін Қазақстанда басым болатын тіл туралы болжам

«Қазақ тілінің болашағына жаһандану әсер ете ме?» сұрағына респонденттердің басым көпшілігі жаһанданудың қазақ тілінің болашағына әсер ететінін мойындайды. 382 адам, яғни барлық қатысушылардың шамамен 38%-ы «Иә, кері әсерін тигізеді» деп жауап берсе, 330-ға жуық респондент (33%) жаһандану әсер етеді, бірақ ол болмашы деңгейде ғана болады деп санайды. Мұндай жауаптар кейбір жастардың жаһандану үрдісінен қауіптенетінін, ал кейбіреулері сыртқы факторлардың бар екенін мойындағанымен, қазақ тілінің беріктігіне сенетінін көрсетеді.

122 адам жаһанданудың қазақ тіліне жағымды әсер етуі мүмкін екенін айтқан. Олардың ойынша, бұл процестер қазақ тілін дамытуға жаңа мүмкіндіктер аша алады. Мысалы, халықаралық тәжірибе, заманауи технологияларды игеру арқылы тілдің жаңа формаларына жол ашылады. Ал 112 респондент жаһанданудың ешқандай әсері болмайды деп есептейді, олар тілдің ішкі әлеуетіне сеніп, ұлттық болмысқа берік жастар екенін көрсетеді.



17-сурет. Жаһанданудың қазақ тілінің болашағына әсері туралы пікірлер

«Қазақ тілін сақтап, дамытуға әлеуметтік желілер мен жаңа технологиялар көмектесе ала ма?» сұрағына жастардың көбісі (936) әлеуметтік желілер мен жаңа технологиялар қазақ тілін сақтап, дамытуға көмектесе алады деп есептейді. Керісінше, 64 респондент бұл үрдістердің тілімізге кері әсерін тигізуі мүмкін деп санайды, яғни қатысушылар тілдік мазмұн сапасының төмендеуі, шетел тілдерінің басым болуы немесе қазақша контенттің жетіспеушілігі сияқты факторларды ескеріп, сын көзбен қарайды.


Жалпы алғанда, бұл сұрақтың нәтижелері жастардың технологияны тек тұтынушы ретінде ғана емес, сонымен қатар тіл мен мәдениетті сақтаудың құралы ретінде бағалайтынын көрсетті. Бұл тенденция болашақта қазақ тіліндегі цифрлық контентті көбейту, заманауи медиа құралдары арқылы тілдік ортаны кеңейту секілді бастамаларға негіз бола алады.



18-сурет. Әлеуметтік желілер мен технологиялардың тілге әсері

«Сіздің ойыңызша, қандай шешімдер қазақ тілін жастардың арасында насихаттауға көмектеседі?» сұрағына қазақ тілінің танымалдығын арттыру үшін ұсынылатын шешімдердің ішіндегі ең жиі кездескендері білім беру сапасын арттыру, қазақтілді медиа-контенттің санын көбейту, мемлекеттік қолдау мен ақпараттық насихат жүргізу, сондай-ақ қазақ тілін цифрлық технологиялар мен өнімдерге енгізу болып отыр. Бұл жауаптардың жиі қайталануы қазақ тілінің болашағына қатысты жастардың конструктивті және практикалық көзқарасын айғақтайды.

Респонденттердің көпшілігі (184) осы төрт факторды бір мезгілде атаған. Одан кейін 164 адам тек білім сапасын көтеруді басты шешім ретінде көрсетті. Яғни жастар тіл тағдырын ең алдымен білім беру жүйесімен байланыстырады екен. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі сапалы және қызықты контенттің жетіспеушілігі де айқын байқалады – 43 адам тек осыны жеке фактор ретінде көрсеткен. Орыс тілінде жауап берген респонденттердің ішіндегі ең көп тараған жауабы – «білім сапасын жақсарту, қазақ тіліндегі медиа контентті көбейту, мемлекеттік қолдау мен қазақ тілін технологиялық өнімдерге енгізу» сияқты кешенді ұстаным болды (64).



19-сурет. Қазақ тілін насихаттауға арналған ұсыныстар

«Қалай ойлайсыз, екітілділік пен үштілділік қазақ тілінің сақталуына көмектесуде ме, әлде кедергі келтіруде ме?» сұрағына жастардың көзқарасы екіұдай. Жастардың көбісі (377) бұл құбылысты «кедергі келтіріп жатқан сияқты» деп бағалаған. Бұл көзқарасты нақты «кедергі келтіруде» деп есептейтін 136 адамды қосқанда, 513 респондент немесе жалпы санының шамамен 51,3%-ы көптілділіктің қазақ тілінің дамуына кері әсері бар деп санайды.


Екінші жағынан, 251 респондент екі-үштілділіктің қазақ тіліне нақты көмегі бар десе, тағы 236 адам оның оң ықпалы бар деп есептейді («көмектесіп жатқан сияқты»). Бұл деректер жастардың көптілділікке қатысты көзқарастары біркелкі емес екенін

және олардың тілдік ортаның әр түрлі әсерлерін әрқалай қабылдайтынын айғақтайды. Бір жағынан, көптілділік жаһандану мен бәсекеге қабілеттілік тұрғысынан маңызды артықшылық ретінде қарастырылса, екінші жағынан ол қазақ тілінің шеттетілу қаупін де тудыруы мүмкін деген алаңдаушылық байқалады.



20-сурет. Көптілділіктің қазақ тіліне әсері

«Қазақ тілінің цифрлық ортада дамуына не қажет?» сұрағына респонденттердің едәуір бөлігі (283) бірден төрт маңызды шараны атап өткен: қазақ тіліндегі IT-өнімдердің болуын, әлеуметтік желілер арқылы насихаттауды, мемлекеттік қолдауды (заңдар, гранттар) және қазақ тілінде digital-мамандықтарға оқытуды. Мұндай жауаптар кешенді тілдік экожүйені дамыту қажеттігін және жастардың күнделікті өмірінде және кәсіби дамуында қазақ тіліндегі қолданбалы өнімдердің жетіспейтінін көрсетеді. Бұған қоса, «Әлеуметтік желілер арқылы насихаттау» бағытына 54 респондент жеке тоқталған, яғни жаңа медиа саласындағы ықпал ету құралдарының маңызын аңғартады.



21-сурет. Қазақ тілін цифрлық ортада дамыту жолдары


«Сіз тілдің дамуына қандай үлес қосып жатырсыз/қосуға дайынсыз?» сұрағының жауаптары төрт негізгі бағытты анықтады. Респонденттердің ең үлкен тобы (454) әлеуметтік желілерде қазақ тілін қолданатынын көрсетті. Бұл қазіргі жастардың күнделікті цифрлық коммуникацияда ана тілін қолдануға бейімді екенін аңғартады. Орыс тілінде жауап берген 58 адам да осы бағытты атап өткен. Сонымен қатар, 120 адам қазақ тілінде контент жасайтынын көрсеткен, яғни жастардың тек тұтынушы ғана емес, белсенді контент өндіруші ретінде де қазақтілді аудиторияның қалыптасып келе жатқанын білдіреді. Танымдық және білім беру жобаларына қатысу арқылы үлес қосатынын айтқан 84 респондент тілдің білім саласындағы орнын арттыруға дайын екенін көрсетті.

Алайда 284 адам бұл сұраққа «Бұл туралы ойланбадым» деп жауап берген. Бұл жастардың бір бөлігінде тіл мәселесіне қатысты рефлексияның төмен екенін білдіруі мүмкін. Мұндай нәтиже оларды ақпараттандыру және белсенділікке тарту қажеттігін көрсетеді.



22-сурет. Жастардың тіл дамуына қосуға дайын үлесі

«Сіз балаларыңыздың қазақ тілін жетік меңгергенін қалайсыз ба?» сұрағына респонденттердің көпшілігі (932) балалардың қазақ тілін жетік меңгеруін міндетті және қажетті деп санайтынын көрсетіп, өз болашақ ұрпағы үшін ана тіліне деген жоғары құндылықты мойындайтынын білдірді. Сонымен қатар 4.6% адам «Олардың таңдауына байланысты» деп жауап беріп, 2.2% – балалардың қазақ тілін білуі маңызды емес деп есептейтінін білдірген. Бұл сұрақ респонденттердің ана тіліне деген көзқарасын ұрпақ тәрбиесі контекстінде бағалауға мүмкіндік берді. Жауаптардың басым бөлігі қазақ тілінің ұрпақ сабақтастығындағы рөліне берілген жоғары бағаны дәлелдейді. Сонымен қатар, тілдік бейтараптықты ұстанатын және өзге тілге басымдық беретін азшылық топтардың да бар екенін көрсетуі – зерттеудің әлеуметтік құндылығын арттыра түседі.



23-сурет. Балалардың қазақ тілін меңгеруіне қатысты көзқарас

Қорытынды

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жастар арасында қазақ тіліне деген оң көзқарас айқын. Респонденттердің басым көпшілігі қазақ тілін болашақта қолданғысы келетін негізгі тіл ретінде қарастырады. Олар балаларын да қазақ тілінде сөйлеуге тәрбиелеуге мүдделі. Бұл ұрпақтар сабақтастығындағы тілдік жалғастықтың сақталып отырғанын аңғартады.

Зерттеудің ерекше тұсы – тілдік таңдаудың контекстке тәуелділігі. Мысалы, қатысушылар отбасында, ресми қарым-қатынаста қазақ тілін жиі қолданатынын көрсетсе, ал ғаламторда ақпарат іздегенде және контент тұтынғанда орыс немесе ағылшын тілдерін жиі қолданатынын мойындайды. Бұл қазақ тілінің цифрлық салада әлі де жеткілікті инфрақұрылымы мен ұсынысы жоқ екенін білдіреді. Бір қызығы, тілдік сленгтер мен англицизмдерді қолдану жастар арасында кең таралған, бірақ олар бұл үрдіске әр түрлі қарайды: бір бөлігі мұны табиғи тілдік эволюция деп санаса, енді бір тобы тілдің тазалығын қорғау керек деп есептейді. Бұл қазақ тіліне деген рефлексивті қатынастың тереңдеп келе жатқанын аңғартады.

Тағы бір маңызды жаңалық ретінде жастардың саналы түрде тілдік белсенділік танытуға дайын болуын атауға болады. Әлеуметтік желіде қазақ тілін қолдану, қазақша контент жасау, танымдық жобаларға қатысу – мұның бәрі жастардың тіл мәселесіне енжар қарамай, нақты үлес қосуға дайын екенін көрсетеді. Мұндай үрдіс бұрынғы зерттеулерде сирек байқалатын, яғни бұл жауаптар – жаңа медиа буынының қазақ тілін тек тұрмыстық емес, азаматтық ұстаным ретінде қабылдай бастауының белгісі. Сонымен

қатар, тілдің болашағына байланысты сауалдарға жауап бергенде, респонденттер жаһанданудың тікелей әсерін түсінеді. Дегенмен, олар әлеуметтік желілер мен жаңа технологиялар қазақ тілінің дамуына кедергі емес, мүмкіндік деп қарайды және бұл маңызды көзқарас өзгерісін көрсетеді. Бұрын технология мен жаһандану көбінесе тілге қауіп ретінде қарастырылса, қазір құрал ретінде бағаланып отыр.

Қазақ тілін ана тілі етіп көрсеткен және ұлты қазақ жастардың үлес басымдылығы зерттеу аудиториясының нақты бағытталғанын және қазақ этносы өкілдерінің тілдік тәжірибесін талдауға негіз болатынын көрсетеді. Жалпы алғанда, сауалнама қазақ тілін өз ана тілі ретінде қабылдайтын жастардың басым екенін және бұл топтың жаңа медиа кеңістіктегі тілдік процестерге белсенді қатысатын негізгі аудитория екенін көрсетті.

Қалалық ортада өмір сүретін жастардың тілдік тәжірибесі де күрделірек болып келеді, себебі олар көп жағдайда көптілді ортада өмір сүреді және қазақ тілінен бөлек, орыс немесе басқа шет тілдерін жиі қолдануы мүмкін. Ауыл жастары тобында қазақ тілінің негізгі қатынас құралы ретінде кеңінен қолданылатыны байқалады. Ауыл жастары арасында тілдік біртектілік пен қазақ тілінің сақталу деңгейі анағұрлым жоғары. Осылайша, респонденттердің тұрғылықты жері бойынша бөлінуі олардың тілдік таңдауларына ықпал ететін маңызды фактор екенін көрсетеді. Қалалық, ауылдық және кенттік ортадағы жастардың қазақ тілін қолдану жиілігі мен мотивациясы әртүрлі сипатқа ие, бұл тіл саясатын аумақтық ерекшеліктерді ескере отырып жүргізуге қажеттілік бар екенін аңғартады.

Зерттеу тілдік мінез-құлықтың аймақтық айырмашылықтарға да тәуелді екенін дәлелдеді, сондықтан тіл саясатын жоспарлау мен қазақ тілін ілгерілету бағдарламаларын әзірлеу кезінде әр аймақтың демографиялық, тілдік және мәдени ерекшеліктерін ескерудің маңызы зор. Сонымен қатар зерттеу деректері жастардың ғаламтордағы іздеу барысында бір тілді қатаң ұстанбайтынын, керісінше контекске, тақырыпқа, қажеттілікке байланысты әр түрлі тілдерді пайдаланатынын дәлелдейді. Іздеу тіліндегі мұндай бейімделгіштік қазіргі заманғы медиатұтыну және ақпараттық сауаттылықтың маңызды аспектілерінің бірі болып табылады.

Кейбір сұрақтардың нәтижелері қазақ тілінің технологиялық ортада қолданылуының әлі де шектеулі екенін, бірақ жастар арасында бұл бағытта қызығушылық пен дайындық бар екенін айқын көрсетеді. Бұл болашақта қазақ тіліндегі IT өнімдер мен сервистерді дамыту қажеттігін нақты негіздеуші фактор болып табылады. Жастардың көпшілігі қазақ тілінде сөйлегенде белгілі бір деңгейде сленг пен бөгде тіл элементтерін қолданатынын да көрсетті, яғни қазіргі медиамәдениет пен жаһанданудың әсері осылайша көрініс тауып, қазақ тілінің жаңа коммуникациялық ортада қалай бейімделіп жатқанын сипаттайды.

Зерттеудің маңызды жаңалығы ретінде қазақ тілінің жастар санасында мәдени құндылық пен ұлт бірегейлігінің басты тіректерінің бірі ретінде орныққанын атауға болады. Қазақ тілінің ұлттың тарихи жады мен мәдени болмысына тікелей әсер ететінін, жастардың көпшілігі бұл байланысты саналы түрде сезінетінін анықтайды. Жастардың басым бөлігі тілдік өзгерістерге икемді қарап, тілді заман ағымына бейімдеуге дайын екенін көрсетеді. Алайда белгілі бір бөлігі үшін тіл тазалығы мен ұлттық болмыс әлі де

маңызды құндылық болып қала береді. Бұл қазақ тілінің болашағын болжауда тілдік саясат пен білім беру мазмұнында балансты сақтаудың қажеттілігін аңғартады.

Жалпы алғанда, қатысушылардың жауаптары көрсеткендей, қазақ тілінің жастардың арасында кең таралуы тек лингвистикалық емес, сонымен бірге әлеуметтік, технологиялық және мәдени факторлармен тығыз байланысты. Бұл ұсыныстар тіл саясаты мен мемлекеттік бағдарламаларды жетілдіру үшін нақты бағыттарды айқындауға көмектеседі. Осылайша, қазақ тілін цифрлық ортада дамыту үшін келесі негізгі бағыттар қажет: біріншіден, қазақ тілінде сапалы IT-өнімдер әзірлеу; екіншіден, әлеуметтік желілер мен жаңа медиа арқылы белсенді насихат жүргізу; үшіншіден, мемлекеттік деңгейде қолдау көрсету; төртіншіден, цифрлық салада қазақ тілінде кәсіби білім беруді жолға қою. Бұл төрт бағыт тілдің цифрлық кеңістікте сақталуына ғана емес, сонымен бірге бәсекеге қабілеттілігіне де кепіл бола алады. Жастардың елеулі бөлігі ана тілін қолдауға дайын әрі цифрлық кеңістікте белсенді қолдануға тырысатыны байқалады. Дегенмен тілге қатысы енжар топқа бағытталған ақпараттық және мотивациялық жұмыс әлі де қажет.

Зерттеу нәтижелері білім деңгейі артқан сайын қазақ тілін қолдану тәжірибесі әртараптана түсетінін көрсетеді. Тілдік мінез-құлық тек отбасылық немесе орта мектептегі тәжірибемен шектелмей, жоғары оқу орындарының тілі, ғылыми орта, цифрлық контент және әлеуметтік платформада қолданылатын тілдерге де тәуелді болады.

Қорыта айтқанда, жаңа ақпараттық технологиялар мен әлеуметтік медиа жастардың ана тілін қолдану стилін ғана емес, оны қабылдау формасын да өзгертуде. Ағылшын тілі мен басқа халықаралық тілдердің ықпалы жастардың өзіндік тілдік сәйкестігіне әсер етсе, сонымен қатар олар жаңа, креативті, транслингвистикалық формаларды туындатып, тілдердің бейімделу процесін жеделдетуде. Мұндай күрделі үдерістер ана тілін сақтау мен дамытуға қатысты кешенді тілдік саясат пен медиабілімге негізделген араласуды талап етеді. Тілді тұтынудың осындай өзгерістері, әсіресе көптілділік жағдайындағы елдерде ана тілі мен халықаралық тілдердің тепе-теңдігін сақтау мәселесін күн тәртібіне шығаруда. Жастардың цифрлық кеңістіктегі белсенділігі мен шет тілді контентке икемделуі олардың жеке тілдік болмысын қайта құруына ықпал етеді. Осы тұста тіл саясаты, білім беру жүйесі мен ұлттық цифрлық контенттің рөлі ерекше. Мемлекеттік деңгейде ана тілін қолдау тетіктері, цифрлық ортада отандық контентті арттыру, тілдік сананы көтеру, шет тілдерін меңгеруді ана тілімен теңдей дамыту бағытында кешенді шаралар қажет.

Зерттеу қазақ тілінің жаңа медиа дәуіріндегі трансформациясын көрсетіп қана қоймай, жастардың тілге деген саналы көзқарасының қалыптасқанын, цифрлық кеңістікте қазақ тілін сақтап, дамытуға ұмтылысын дәлелдеді. Зерттеу нәтижелері – болашақ тілдік саясатты жоспарлауда, медиа және білім саласындағы жобаларды бағыттауда ескеруге тиіс маңызды бағдар.

Авторлардың қосқан үлесі.

Есенбекова Ұ.М. – хат-хабар авторы, бақылау және ұсыныс беру, мақсат-міндетті анықтау, жалпы ғылыми аппаратты басқару, деректерді сұрыптау, редакциялау.

Сыздықова А.А. – хат-хабар авторы, әдебиетпен жұмыс, материалды жинау, негізгі бөлімді жазу.

Сақ Қ.Ө. – материалды жинау, мақаланы техникалық талапқа сай рәсімдеу.

Қаржыландыру

Бұл зерттеу мақаласы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ғылыми гранты есебінен қаржыландырылды (грант №AP19677579).

Әдебиеттер тізімі

1. Boldizsár B. Teenagers and new media: Impact on foreign language proficiency and cultural sustainability //European Journal of Sustainable Development. – 2021. – V. 10. – №. 2. – P. 301.
2. Ramadhani P. Language Preference Used By Information Technology Students //Majalah Ilmiah METHODDA. – 2023. – V. 13. – №. 2. – P. 82-85.
3. Gabbasova G.S. et al. Features Of The Speech Culture Of Younger Generation And The Influence Of The Internet Language On Its Formation //Tiltanym. – 2023. – V. 89. – №. 1. – P. 67-72.
4. Heano-Cardona R.E., Fuelantala Y. M. T. Cambios en la escritura juvenil favorecidos por las TIC // Ventana Informática. – 2017. – №. 37.
5. Cutler C., Royneland U. (ed.). Multilingual youth practices in computer mediated communication. - Cambridge University Press, 2018.
6. Frutos A. E., Izquierdo R. T., Allah M. C. H. The use of ICT and the mother tongue in the academic performance of immigrant students in secondary education within a vulnerable context //Procedia-Social and Behavioral Sciences. – 2017. – V. 237. – P. 189-195.
7. Zharkynbekova S. et al. The Speech Behaviour of Kazakhstani Youth in the Context of Interethnic Communication //Journalism and Media. – 2025. – V. 6. – №. 1. – P. 45.
8. Alkebaeva D. A., Satkenova Z. B., Konyrbekova T. O. Changes in the Kazakh language in social networks //Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2021. – V. 182. – №. 2. – P. 14-23.
9. Rakhimova D., Duisenbekkyzy Z. Research on the Impact of Social Networks on the Development of Bilingualism in Kazakhstan //International Conference on Modelling and Simulation of Social-Behavioural Phenomena in Creative Societies. – Cham: Springer Nature Switzerland, 2024. – P. 106-115.
10. Suárez E. “Estoy Explorando Science”: Emergent bilingual students problematizing electrical phenomena through translanguaging //Science Education. – 2020. – V. 104. – №. 5. – C. 791-826.
11. Androutsopoulos, J. Introduction: Sociolinguistics and computer-mediated communication. Journal of Sociolinguistics. – 2006. – №. 10. – P. 419-438. <https://doi.org/10.1111/j.1467-9841.2006.00286.x>
12. Androutsopoulos, J. Linguaging When Contexts Collapse: Audience Design in Social Media. Discourse, Context & Media. – 2014. – №. 4-5. – P. 62-73. DOI: 10.1016/j.dcm.2014.08.006
13. Tagliamonte S. A., Denis D. Linguistic ruin? LOL! Instant messaging and teen language //American speech. – 2008. – T. 83. – №. 1. – P. 3-34.
14. Leppänen S., Sultana S. Digital multilingualism //The Routledge handbook of multilingualism. – Routledge, 2023. – P. 175-190.
15. Zhu H., Feng D., Chen X. Introduction: Approaching Social Identities and Discourses in Chinese Digital Communication //Social Identity and Discourses in Chinese Digital Communication. – Routledge, 2024. – P. 1-21.

У.М. Есенбекова, А.А. Сыздыкова, К.О. Сак

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Прогнозирование перспектив использования казахского языка молодёжью в новой медийной среде

Аннотация. В статье представлены результаты социологического исследования, посвящённого перспективам использования казахского языка в новой медийной среде. Цель исследования – определить, насколько активно молодёжь в возрасте от 14 до 35 лет использует казахский язык в повседневной и цифровой коммуникации, выявить языковые приоритеты на будущее и гражданское отношение к родному языку.

В рамках работы было проведено анкетирование 1000 респондентов. В исследовании применялись методы анкетного опроса, количественно-статистического анализа и контент-анализа казахоязычных аккаунтов. Результаты показали, что большинство молодёжи считает важным сохранение и развитие казахского языка. Однако в цифровой среде казахский язык в ряде случаев уступает позиции иностранным языкам.

Исследование раскрыло взаимосвязь между языковым выбором, межпоколенческой преемственностью, культурной идентичностью и цифровой грамотностью. Полученные данные подтверждают наличие внутренней мотивации у молодёжи в продвижении казахского языка, при условии наличия поддерживающей инфраструктуры и качественного контента. Работа имеет практическое значение для выработки рекомендаций в области языковой политики, образования и медиа.

Ключевые слова: молодёжь, казахский язык, новые медиа, цифровая коммуникация, языковой выбор, языковая политика, языковая идентичность

U.M.Yessenbekova, A.A. Syzdykova, K.O. Sak

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Forecasting the prospects for the use of the Kazakh language by young people in the new media environment

Abstract. This article presents the results of a sociological study focused on the prospects of using the Kazakh language in the new media environment. The main goal of the research was to identify how actively young people aged 14 to 35 use the Kazakh language in everyday and digital communication, to determine their future language preferences, and to understand their civic attitude toward the native language.

A survey of 1000 respondents was conducted as part of the study. The methodology included questionnaire-based surveys, quantitative-statistical analysis, and content analysis of Kazakh-language accounts. The findings show that the majority of young people consider the preservation and development of the Kazakh language to be important. However, in the digital space, Kazakh sometimes struggles to compete with foreign languages.

The study revealed the interconnection between language choice, intergenerational continuity, cultural identity, and digital literacy. The results confirm that youth are motivated to promote the Kazakh language, especially when supported by appropriate infrastructure and relevant content. This research contributes valuable insights to language policy, education, and media development strategies.

Keywords: youth, Kazakh language, new media, digital communication, language choice, language policy, language identity

References

1. Boldizsár B. Teenagers and new media: Impact on foreign language proficiency and cultural sustainability //European Journal of Sustainable Development. 10. 2. 301(2021).
2. Ramadhani P. Language Preference Used By Information Technology Students //Majalah Ilmiah METHODA. 13. 2. 82-85(2023).
3. Gabbasova G. S. et al. Features Of The Speech Culture Of Younger Generation And The Influence Of The Internet Language On Its Formation //Tiltanym. 89. 1. 67-72(2023).
4. Heano-Cardona R. E., Fuelantala Y. M. T. Cambios en la escritura juvenil favorecidos por las TIC // Ventana Informática. 37(2017).
5. Cutler C., Royneland U. (ed.). Multilingual youth practices in computer mediated communication. (Cambridge University Press, 2018).
6. Frutos A. E., Izquierdo R. T., Allah M. C. H. The use of ICT and the mother tongue in the academic performance of immigrant students in secondary education within a vulnerable context //Procedia-Social and Behavioral Sciences. 237. 189-195(2017).
7. Zharkynbekova S. The Speech Behaviour of Kazakhstani Youth in the Context of Interethnic Communication //Journalism and Media. 6. 1. 45(2025).
8. Alkebaeva D. A., Satkenova Z.B., Konyrbekova T. O. Changes in the Kazakh language in social networks //Вестник КазНУ. Серия филологическая. 182. 2. 14-23(2021).
9. Rakhimova D., Duisenbekkyzy Z. Research on the Impact of Social Networks on the Development of Bilingualism in Kazakhstan //International Conference on Modelling and Simulation of Social-Behavioural Phenomena in Creative Societies. (Cham, 2024, 106-115 p.)
10. Suárez E. "Estoy Explorando Science": Emergent bilingual students problematizing electrical phenomena through translanguaging //Science Education. 104. 5. 791-826(2020).
11. Androutsopoulos, J. Introduction: Sociolinguistics and computer-mediated communication. Journal of Sociolinguistics. 10. 419-438(2006). – DOI: <https://doi.org/10.1111/j.1467-9841.2006.00286.x>
12. Androutsopoulos, J. Languageing When Contexts Collapse: Audience Design in Social Media. Discourse, Context & Media. 4-5. 62-73(2014). – DOI: 10.1016/j.dcm.2014.08.006
13. Tagliamonte S. A., Denis D. Linguistic ruin? LOL! Instant messaging and teen language //American speech. 83. 1. 3-34(2008).
14. Leppänen S., Sultana S. Digital multilingualism //The Routledge handbook of multilingualism. (Routledge, 2023. 175-190 pp).
15. Zhu H., Feng D., Chen X. Introduction: Approaching Social Identities and Discourses in Chinese Digital Communication //Social Identity and Discourses in Chinese Digital Communication. (Routledge, 2024, 1-21 pp).

Авторлар туралы ақпарат:

Есенбекова Ұ.М. – хат-хабар авторы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдас-тырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының профессоры м.а., Астана, 010000, Қазақстан.

Сыздықова А.А. – хат-хабар авторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, журналистика және саясаттану факультетінің докторанты, Астана, 010000, Қазақстан.

Сақ Қ.Ө. – алаштанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің профес-соры, Астана, 010000, Қазақстан.

Есенбекова У.М. – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, ассоциирован-ный профессор, и.о. профессора кафедры Телерадио и связи с общественностью Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Казахстан.

Сыздыкова А.А. – автор для корреспонденции, докторант Евразийского национального уни-верситета им. Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Казахстан.

Сак К.О. – кандидат филологических наук, профессор Евразийского национального универ-ситета им. Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Казахстан.

Yessenbekova U.M. – corresponding author, candidate of philological Sciences, Associate Professor, Acting Professor of the Department of Television, Radio, and Public Relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Kazakhstan.

Syzdykova A.A. – Corresponding author, Doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Kazakhstan.

Sak K.O. – candidate of philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).